

# ЖАДЫНАМА

«Магистральдық құбыр туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы №20-VҚР Заңы(әрі қарай – Заң)магистральдық құбырды пайдалану кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді және магистральдық құбырды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған.

Пайдалану қауіпсіздігі туралы айтқанда ең бірінші кезекте адамдардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны ескереміз.

Сол себептен Заңда **магистральдық құбырдың күзет аймағы, ең аз қашықтығы** сияқты түсініктер қарастырылған.

## Күзет аймағы деген не?

Заңның 1-ші бабының 9-ші тармағына сәйкес ол – магистральдық құбыр объектілеріне іргелес жатқан және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен құбыр объектілерін қауіпсіз және іркіліссіз пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасауға арналған, оның шегінде аумақты белгілеу мақсаттарына сай келмейтін қызмет түрлеріне шектеу қойылатын немесе тыйым салынатын айрықша күзет және пайдалану жағдайларындағы аумақ.

**Қарапайым сөзбен айтқанда, күзет аймағында ешқандай тіршілік әрекеті объектілері болмауға тиіс және ол аймақта болудың өзіне де тыйым салынған!**

Бірнеше магистральдық құбыр бір техникалық дәлізде орналасқан жағдайда барлық магистральдық құбыр үшін бір күзетілетін аймақ орнатылады.

## Қандай жерлер күзет аймағы деп белгіленеді?

Заңның 14-ші бабының 2-ші тармағына сәйкес магистральдық күзет аймақтары:

- **мұнайды, мұнай өнімдерін, табиғи газды, мұнай және жасанды көмір сутек газдардын тасымалдайтын магистральдық құбыр трассасының бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде шектеледі;**

- **ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;**

- **сұйытылған көмірсутек газдарын, тұрақсыз бензин мен конденсатты тасымалдайтын магистральдық құбыр трассалары бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 100 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер уаскесі түрінде орнатылады.**

## Күзет аймағында қандай тыйымдар салынған?

14-ші бабының 5-ші тармағына сәйкес:

- бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

- кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

- автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

- мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

- магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

- ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (*топырақ үлгілерінен басқа*) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге **тыйым салынады.**

### Ең аз қашықтық

Заңның 14-ші бабының 8-ші тармағына сәйкес, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында магистральдық құбырға жатпайтын кез келген объектіні құрылыс нормалары мен қағидаларында белгіленген ең аз қашықтық шегінде салуға тыйым салынады.

ҚР Құрылыс және тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы №606 бұйрығымен 3.05-01-2010 «Магистральдық құбырлар» құрылыс нормалары мен қағидалары (*әрі қарай – ҚНЖҚ*) бекітіліп, қолданысқа енгізілді.

Ең аз қашықтық шектері, тасымалдайтын шикізатқа және құбыр диаметріне қарай, **50 метрден 350 метрге** дейін болып белгіленген.

Атырау облысында магистральдық құбырлардың иелері диаметрі 1000 мм 1420 мм дейін болатын құбырларымен пайдаланады.

Осыған байланысты құбыр осінің екі жағында ең жақын ғимараттарға және құрылыстарға дейін ең аз қауіпсіз қашықтық **150 метрден басталып 350 метрге дейін** болуға тиіс.

*Жоғарыда тізбелеген тыйымдар мен шектеулерді қатаң сақтауға шақырамыз, өйткені олардың сақталмауы апаттық жағдайдың себебі болуы мүмкін, басқа тікелей қауіп қазіргі кезде жоқ.*

Атырау қаласы, 2017 жыл